

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 қарашадағы N 334 қаулысына толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 13 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 1 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4071. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 178 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.09.2014 № 178 (01.07.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есеп беру ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 27 қарашадағы N 334 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3327 тіркелген) мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың есеп беру ережесінде:

кіріспеде "Банк операцияларының" деген сөздердің алдынан "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясына ие (ипотекалық ұйымдарды және клиенттердің шоттарын номиналды ұстаушы ретінде жүргізу құқығы бар брокерлерді және (немесе) дилерлерді қоспағанда)" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "заемдар мен қаржы лизингі" деген сөздер "банк заемдары (бұдан әрі - заемдар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацтағы "және ломбардтардан" деген сөздер алынып тасталсын;
үшінші абзац алынып тасталсын;
10-тармақ алынып тасталсын;

1 - қ о с ы м ш а д а :

есептің атауындағы "және қаржы лизингі" деген сөздер алынып тасталсын;
"Кепіл үлгісі бойынша заемдар:" деген кесте мынадай редакцияда жазылсын:

Жылжымайтын мүлік,	410	
оның ішінде жер кепіліне	420	
Кепілдіктер мен кепілдемелер,	430	
оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепіліне	440	
Бағалы қағаздар	450	
Автокөлік	460	
Салымдар	470	
Басқа да қамтамасыз ету	480	
Бланктік заемдар	490	
Заемдардың жиынтығы	400	

"Қаржы лизингі" деген кесте алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2006 жылы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ о л а а л с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға және " Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Қ.М.Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға